

«8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша Пиязбаева Ақмарал Бейсенқұловнаның «Экономикалық сана трансформациясының тілдегі репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модуль» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуіне ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Әлшемшарттар	Әлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бөкіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес келеді:</p> <p>1.1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясына (2025 жылға арналған Стратегиялық жоспар, «6-реформа. Қоғамдық сананы жаңғырту») сәйкес келеді.</p> <p>1.2. Диссертация Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u>.</p>	<p>А.Б.Пиязбаеваның «Экономикалық сана трансформациясының тілдері репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модуль» атты диссертациялық жұмысы экономикалық лингвистика саласында өзекті мәселені көтеріп отыр және әдіснамалық тұрғыдан дұрыс</p>

		<p>негізделген. Жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Себебі диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасындағы қазіргі тілдік ахуалды түсіну үшін, кейбір мәселелерін шешу үшін маңызды бар экономикалық, мәдени және тілдік үдерістерін диахрониялық және синхрониялық аспектіде талдаған, жүйеленген. Ізденістің мәні мен маңызы мемлекеттің стратегиялық басымдықтарымен тікелей байланысты. Ғылыми жұмыста экономикалық сана трансформациясы дәстүрлі, заманауи, кезеңдік модустары кешенді талданып, экономикалық сананың құрылымдық компоненттері ұлттық сана мен тілдік репрезентация контекстінде жүйеленіп, кеңестік кезеңге дейінгі, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдердегі экономикалық лексикасының сандық және сапалық айырмашылығы салыстырыла талдау жасалып, практикалық пайымдаулар мен теориялық тұжырымдар қорытылған. Диссертацияда қазіргі және келешек тілдік жағдайдың динамикасын болжауға және мемлекеттік тіл саясатын жүргізудің экономикалық сананың тілдегі репрезентациясы негізінде ұстанымдар мен ұынымдар жасауға (1.2, 1.3-тарауларда) мүмкіндік береді. Диссертациялық жұмысты экономика, әлеуметтану және мемлекеттік басқару салаларын қамтитын пәнаралық ізденіс деуге толық негіз бар. Экономикалық сана – ұлттық сана – тілдік сана деген байланыстың тілдік сана – ұлттық сана – экономикалық санаға айналуының, трансформациялануына, репрезентациялануының теориялық негіздерін тереңдетеді, жұмыстың маңызын арттырады.</p>
--	--	--

3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзі жазу қағидасының сақталуы – диссертациялық жұмыстың автор тарапынан дербес орындалуын айқындайтын негізгі белгілер. Олар: зерттеу логикасының бірізділігі, яғни зерттеушінің жұмысында зерттеу өзектілігі, мақсат-міндеттері, әдіснамасы мен нәтижелері арасында логикалық байланыс сақталған, тақырыптың теориялық негіздерін терең түсінген және оларды өз зерттеу контекстінде дұрыс қолдана алған; тылғи стильдің тұрақтылығы, яғни тілдік стиль, терминологияны қолдану ерекшелігі және мәтін құрылымы бірізді; авторлық позицияның айқындылығы, демек зерттеу нысаны болып отырған теориялық, әдістемелік мәселелерде мәселе тарихына шолу жасап қана қоймай, өз ұстанымын да деректермен дәлелдей алған; эмпирикалық деректерін баяндауда жинау әдістерін, статистикалық өңдеу жолдарын және нәтижелер интерпретациясын толық түсіндіре алған. Оған зерттеудің А, Ә, Б қосымшаларындағы материалдарды диссертацияның 3-тарауда сандық және сапалық тәсілдермен зерделеп, пайымдаулар мен тұжырымдар жасауы дәлел. Жұмыс мазмұнының мақұлданымының 13 мақалада жариялануы да өзі жазу деңгейінің жоғары екендігінің көрсеткіші.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Диссертация авторы тақырыптың өзектілігін нақты дәлелдермен айқындайды. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер тілдік санада, экономикалық дүниетанымыда айқын көрініс тауып отырғанын, қазақ қоғамының тарихи дамуында бұл сана дәстүрлі шаруашылық-мәдени тәжірибелер арқылы қалыптасып, кейін кеңестік кезеңде социалистік идеология ықпалымен түрленді, ал тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық қатынастар мен жаһандық үдерістердің ықпалымен жаңа сипатқа ие болғанын негізге алады. Қоғамдық формациялардың ауысуы (феодализм, социализм, капитализм) кезінде экономикалық сананың ұлттық санаға</p>

		<p>айналыш, ұлттық сананың басты белгісі тілдік санадағы көрінісін талдау, жүйелеу үшін экономика мен лингвистика ғылымдарының өзара ықпалдасуы қажеттігін, оларды кешенді қарастыру үшін екі ғылым тоғасындағы лингвоэкономика ғылымы аспектісінде қарастыру қажет екенін дәлелді негіздеген. Әлем және Қазақстан ғалымдарының еңбектеріне сілтеме жасай отырып, қарастырылып отырған мәселенің желгілікті деңгейде зерттелмегенін айқындайды.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындалмайды.</p>	<p>Экономикалық сана, оның ұлттық санада трансформациялануын, тілде дәстүрлі және заманауи модустар болып репрезентациялануын бірінші тарауда экономикалық сананың лингвистикалық негіздерін жасаған, екінші тарауда экономикалық сананың тілде трансформациялануын дәстүрлі және заманауи модустарда репрезентациялануын талдаған, үшінші тарауда олардың кеңестік және тәуелсіздік кезеңінде репрезентациялануын тілдік деректермен жүйлегендігі – диссертация мазмұнының диссертация тақырыбын айқындайтындығының толық көрінісі.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Диссертацияның негізгі мақсаты қазақ тілді қауымдастықтың экономикалық санасын, оның трансформациясын дәстүрлі, заманауи және кеңестік, тәуелсіздік кезең модустары арқылы тілдік репрезентацияларын анықтау, салыстыра кешенді талдау болғандықтан, зерттеу жұмысында экономикалық сананың тілдік репрезентациясын модустық тұрғыда кешенді талдау, кеңестік және тәуелсіздік кезеңдердегі экономикалық лексиканың квалитивтігі, квантитативті, семантикалық трансформациясын дәлелдеу, қазіргі қазақ кәсіпкерлік дискурс мәтінінің лингвостилистикалық сипаттамасын жасау, қазақ тіліндегі экономикалық атау, ұғым, терминдердің әр кезеңдегі, модустағы мағыналық өрісі мен өзгерісін жүйелеу, дәстүрлі модус пен заманауи модустың айырмашылығын репрезентациялайтын тілдік бірліктерді анықтау, тіл</p>

		<p>экономикалық сананың модельдеуші тегі екенін қалыптаасқан теориялық тұжырымдар арқылы негіздеу секілді міндеттердің қойылуы диссертацияның мақсаты мен міндеттерінің диссертация тақырыбына сәйкес келетіндігін көрсетеді.</p> <p>Диссертация бөлімдері мен тұжырымдары арасындағы өзара байланыс олардың сипаттау реті мен құрылымдық дәйектілігінен көрінеді. Жұмыс логикасы мұқият ойластырылған: алдымен теориялық негіздер мен ұғымдық аппарат анықталады. Ұлттық тіл – ұлттық сана – ұлттық экономикалық сана категорияларының тізбегі («Экономикалық сананы зерттеудің лингвистикалық негіздері» деген I тарауда) ұлттық тілдегі ұлттық сананың ұлттық экономикалық санаға айналуы, олардың трансформацияланып, тілдегі репрезентациясына ұласып («Экономикалық сана трансформациясының дәстүрлі және заманауи модульдеріндегі репрезентациясы» деген II тарауда), дәстүрлі және заманауи модульдермен іске асуы («Экономикалық сана трансформациясының кенестік және тәуелсіздік кезеңдер модульдеріндегі репрезентациясы» деген III тарауда) әрбір тарауда бір-біріне сабақтаса баяндалып, жағпыдан жекеге қатидасымен жатық та түсінікті баяндалған, тілдік және экономикалық құбылыстардың мысалдары арқылы тиесілі тұжырымдар жасалған. Қосымшалардың мәліметтері тараулар мен тараушаларда талданған, бұл негізгі бөлім мен қосымшалардың мазмұндық, құрылымдық байланыстарын білдіреді.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияда автор ұсынған жана қағидағтар мен әдістер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылған, дәлелденген. Тіл мен экономиканың байланысын екі ғылым тоғысында зерттеп отырған алғашқы еңбек болғандықтан, автор лингвоэкономикалық мәселелерді лингвистикалық, экономикалық, лингвосоциологиялық және лингвомәдениеттанымдық талдау элементтерін қамтитын пәнаралық тәсілге негізделген кешенді зерттеу әдістемесін</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жана шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сиптемелеріне негізделген;</p>	<p>Диссертацияда автор ұсынған жана қағидағтар мен әдістер бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылған, дәлелденген. Тіл мен экономиканың байланысын екі ғылым тоғысында зерттеп отырған алғашқы еңбек болғандықтан, автор лингвоэкономикалық мәселелерді лингвистикалық, экономикалық, лингвосоциологиялық және лингвомәдениеттанымдық талдау элементтерін қамтитын пәнаралық тәсілге негізделген кешенді зерттеу әдістемесін</p>

	4) талдау жоқ.	<p>колданады. Бұл тақырып қазіргі кезге дейін қазақ лингвистикасында арнайы қарастырылмағандықтан, шетел ғалымдарының экономикалық сана, оның трансформациясы, дәстүрлі, заманауи, кезеңдік модустары, ұлттық сана мен тілдік репрезентация секілді ұғымдары мен категориялары жайындағы ой-пікірлерін, берген анықтамаларын, жасаған жіктеулерін негізге ала келіп, диссертация иесі лингвээкономикалық аспектідегі қазақ тілді бизнес өкілдерінен алынған сұхбат пен тұтынушылардан алынған сауалнама нәтижелеріне сүйене отырып, өзінің жаңа шешімдерін, яғни әдістері мен қағидағтарын дәлелдейді. Квалитативті, квантитативті, лингвостатистикалық, салыстырмалы-сипаттамалы әдістерді, лексика-семантикалық және модустық талдауларды жеке-дара немесе кешенді түрде пайдаланады. Мысалы, экономикалық санының трансформациясы типтері, тілдік репрезентацияның жолдары, модустың кезеңдері басқа тілдің материалында талданғандықтан, олардың қазақ тілінің практикасында бірдей бола бермейтінін нақты фактілермен дәйектейді.</p>
5. Ғылыми жанапшылық принципті	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	<p>Алынған нәтижелер толығымен жаңа. Ол жаңалықтарды теориялық, әдістемелік және практикалық деп ерекшелуге болады. Бұл аспектілерден келгенде, экономикалық санының тілдік репрезентациясы алғаш рет модустық тұрғыда кешенді талданған, кенестік және тәуелсіздік кезеңдердегі экономикалық лексиканың квалитативті, квантитативті, семантикалық трансформациясы дәлелденген, лексикографиялық деректерде экономикалық санының тілдік репрезентацияларының мағынасы кеңейіп, жаңа бірліктердің қалыптасқанын анықтаған. Қазақ тіліндегі экономикалық атау, ұғым, терминдердің әр кезеңдегі, модустары мағыналық өрісі мен трансформациясы салыстыра қаралып, экономикалық сөз-концептілердің семантикалық дамуы, олардың ұлт дүниетанымыда бөлсенді лексикалық бірліктерге ауысқаны</p>

		<p>дәлелденген. Тіл мен экономиканың өзара байланысын анықтайтын лингвоэкономикалық әдістемелер көрсетілген. Ал тәжірибелік аспектіде диссертация қосымшаларында «Қазақ тілі тұтынушының тілдік портреті» сауалнама сұрақтары, «Қазақ тілі кәсіпкер портреті», «Жйілік сөздік. Экономика, сауда, бизнес, қаржы, кәсіпкерлікке қатысты сөздердің жиілігі бойынша тізбегі» орындалған, практикалық пайымдаулар жасалған.</p> <p>Диссертацияның 1.4-тараушасында ұлттық экономикалық сананың 3 тарихи кезеңге бөліп қарастырады. Олар: дәстүрлі мәдени-тарихи, кенес дәуірі кезеңі, тәуелсіздік кезеңі. Экономика адамзат тарихының, соның ішінде қазақ халқының тарихында да, қоғамдық-экономикалық формацияларымен байланысты десек, алғашқы кезең феодалдық, келесі кезең социалистік, үшіншісі капиталистік формациялар. Сондықтан да бұл жерде мемлекеттік құрылымның өзгергені емес, қоғамдық формацияның ауысуымен байланыстырған жөн болар еді. Оның диссертацияның дәстүрлі модусты талдау барысында (2.2-тарауша) дәстүрлі кәсіпкерлікке қасапшы, теріші, дөлбеші (ат жәмші), кіренші, жұлдызшы (есепші), көпес, делдал, бақалшы, базаршы жағатынын өзіне дейінгі еңбектердің мәліметтері мен қорытындыларың тақырыпқа сай тиімді пайдаланған. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ халқының шаруашылығы мен кәсібінде болған алғашқы кезеңдегі экономикалық, тұрмыстық қатынастарының бұзылуы екінші және үшінші кезеңдерде драмалық, тіпті трагедиялық салдарларға алып келгендігін тарихи объективтіліктен бағалай білген. Ал экономикалық сана экономикалық формацияға тікелей байланысты болғанмен де өзгермей, көбіне дамымай тұрмайтындығын кеңестік және тәуелсіздік кезеңдердегі тілдік деректермен дәйектеп, белгілі бір қорытындылар шығара білген. Оған қазақ лексикасы мен грамматикасындағы мазмұндық, мағыналық және құрылымдық</p>
<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) <u>ішінара жаңа (25-75% жаңа)</u>;</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>		

	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жана; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жана 25%-дан кем).</p>	<p>өзгерістерді көрсетеді. Тілдік құбылстардағы өзгеру, ауысу және тұрақтылық процесстерді анықтаудың Джон және Йи моделі, Д.Абрамс пен С.Строгац ұсынған «Abrams and Strogatz's model», Нетл моделі деген жана формулаларды пайдаланады. Қазақ тлі білімі үшін жана бағыт лингвоэкономика тақырыбын, эрине, дүние жүзілік теориялық, әдістемелік еңбектерге сүйенбей зерделеу мүмкін емес, сондықтан диссертацияның қорытындылары ішінара жана деп білеміз.</p> <p>Репензияланып отырған диссертация «8D02303 – Лингвистика» шифры бойынша орындалғандықтан, техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық міндеттерді шешуді мақсат етпейді.</p>
<p>6. Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research) (квалигитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша дәйірлік бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі тұжырымдар «Қорытынды» бөлімінде гуманитарлық ғылымдарға және қаліативе ресерч-ке тән әдіснамалық талаптар тұрғысынан жеткілікті дәрежеде негізделген. Негізделуі деректердің ұштағаны арқылы қамтамасыз етіледі:</p> <p>► «Қазақ тілді тұтынушының тілдік портреті» сауалнама сұрақтары, Қазақ тілді тұтынушының бейнесін анықтау және қазақ тілді тұтынушының түрлі тілдердегі бренд атауларын қабылдау ерекшеліктерін анықтау мақсатында «<i>Қазақ тилді тұтынушы нормрети</i>» атты онлайн сауалнама жүргізіп, сауалнамаға 18-65 жас аралығындағы түрлі әлеуметтік топ өкілдерінен 5233 респондент қатысқан, респонденттердің 85%-ын әйелдер, 15%-ын ер адамдар құраған, қатысушылардың абсолют көпшілігі ұлтын «қазақ» деп белгіледі. Олардың 7%-ы 18-19 жас аралығында болса, 23%-ы – 20-29 жас, 26%-ы – 30-39 жас, 25%-ы – 40-49 жас, 17%-ы – 50-59 жас, 2%-ы – 60+ жас аралығында болған.</p>

		<p>► «Қазақ тілді кәсіпкер портреті». Сұхбатқа өз кәсібін ұлттық тілде өрбітіп, табысқа кенелген 15 шағын кәсіп иесі қатысты. Сұхбат барысында «Қазақ тілінің бизнесіңізді болашақта дамыту әлеуеті бар ма?» деген сұраққа кәсіпкерлердің барлығы да 100% «бар» деп жауап берді. Сонымен қатар кәсіпкерлер <i>халыққа асақын болды, қазақ тіліне сұраныстың артқанын, түсінудің жеңілдегенін</i> қазақ тілінде бизнес жүргізудің басты артықшылығы деп атады</p> <p>► «Жйілік сөздік. Экономика, сауда, бизнес, қаржы, кәсіпкерлікке қатысты сөздердің жйілігі бойынша тізбегі» құрастырылып, онда жйілігі жоғары сөздер қатары түзілген. Қвантативті, квалитативті лингвистикалық талдау нәтижелері арқылы түйіндер жасалған. Бұл деректерді бірге пайдалану автордың ғылыми логикаға сәйкес әрекет еткенін дәлелдейді: фактілерді тіркеуден (статистика), таралу деңгейін өлшеуге (анкеттеу), себептік механизмдерді түсінуге (сұхбат) дейінгі дәйекті әрекет сақталған. Барлығы лингвоэкономикалық зерттеуге салмақты дәлел болып табылады.</p>
<p>7. Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиялды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жоқ;</p>	<p>Рецензия жасалған диссертацияда қорғауға алты тұжырым ұсынылған.</p> <p>1-тұжырым. Экономикалық сананың тілдік репрезентациясы алғаш рет модульлік (дестүрлі-заманауи, кенестік-тәуелсіздік кезеңдер) тұрғыда кешенді талданды. Мұндай талдау экономикалық сананың ұлттық ерекшелігін, өзгерісін тілдік деректер арқылы толыққанды сипаттауға мүмкіндік берді.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиялды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5Мақалаларда дәлелденген (1).</p>

	<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ИИ</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылықтың тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ИИ</u>; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>2-тұжырым. Кенестік және тәуелсіздік кезеңдердегі экономикалық лексиканың квалитивті, квантивті, семантикалық трансформациясы дәлелденді. Кенестік кезеңнің түсіндірме сөздіктеріндегі экономикалық ұғымдар мағыналық жағынан шектеулі, семантикалық өрісі тар, ал тәуелсіздік кезеңіндегі лексикографиялық сөздіктер деректерінде экономикалық санының тілдік репрезентацияларының мағынасы кеңейіп, жана бірліктерді қалыптасты.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p>3-тұжырым. Қазіргі қазақ кәсіпкерлік дискурс мәтінінің лингвостатистикалық сипаттамасы жасалды. Жоғары жиілікті сөздер қазіргі қазақ экономикалық санының сөздіктерде тіркелген өзекті (ядролық) концептілерін құрайтыны дәлелденді. Жиілігі жоғары атауыш сөздер қоғамдық санада, сол сияқты экономикалық санада қандай ұғымдардың өзектілігі отырғанын аңғартады. Көрсетілген жиілігі жоғары атаулар қазіргі қазақтілді кәсіпкерлік дискурсқа тән белсенді лексика, қазақтілді тіл иелімендерінің санасына берік орныққан ұғымдар.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p>4-тұжырым. Қазақ тіліндегі экономикалық атау, ұғым, терминдердің әр кезеңдегі, модустағы мағыналық өрісі мен трансформациясы салыстыра каралды. Зерттеуде <i>еңбек, нарық, бай, байлық, сауда, саудагер, көмес, табыс</i> және т.б. сияқты экономикалық сөз-концептілердің семантикалық дамуы,</p>
--	---	---

	<p>олардың ұлт дүниетанымыда белсенді лексикалық бірліктерге ауысқаны дәлелденді.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>5-тұжырым.</u> Ұлттық экономикалық мәдениет пен шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін көрсететін дәстүрлі модуль пен заманауи модульдің айырмашылығын репрезентациялайтын тілдік бірліктер анықталды.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген (1).</p> <p><u>6-тұжырым.</u> Тіл – экономикалық сананың модельдеуші тетігі екені лингвоэкономика саласы аясында қалыптасқан теориялық тұжырымдар арқылы негізделді. Алғаш рет қазақ лингвистикасында тіл экономикалық сананы қалыптастырушы, шаруашылық жүргізу қатынастарындағы өзгерістерді репрезентациялайтын, ұлттық экономикалық мәдениетті трансформациялаушы құрал ретінде қарастырылды. Тіл мен экономиканың өзара байланысын анықтайтын лингвоэкономикалық методологиялар көрсетілді.</p> <p>7.1 Тұжырым дәлелденген (1).</p> <p>7.2 Тривиалды емес (2).</p> <p>7.3 Иә, жана (1).</p> <p>7.4 Колдану деңгейі кең (3).</p> <p>7.5 Мақалаларда дәлелденген (1).</p>
--	---

<p>8. Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ИЯ: 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ИЯ: 2) жоқ.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ИЯ: 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Әдістеменің таңдауы негізделген. Ұлттың тілі мен рухани бірегейлігін, тіл мен сананың байланысының экономикалық контекстің, экономика мен тілдің байланысын, экономикалық санаға қатысын, тіл мен экономиканың өзара байланысын қамтитын, жалпы ұлттық тілдің халықпен, әлеуметпен, сана-сезіммен, таныммен қатынасын қарастыратын этнолингвистика, социоллингвистика, концептология, когнитивтік лингвистика, лингвоэкономика секінді ғылым салаларының әдіснамаларын негізге алған, квалитативті (сапалық), квантитативті (сандық), лексика-семантикалық, модустық талдаулармен, лингвостатистикалық, салыстырмалы-сипаттамалы әдістермен нақты жүйеленіп, қағидалар мен тұжырымдар дәлелденген.</p> <p>Иә. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерін өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану негізінде алынған. Экономикалық сананың тілдері лексикалық көріністерін квантитативті және квалитативті лингвистикалық талдау әдістерімен іске асырған.</p> <p>Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар өзара байланыстармен, заңдылықтармен дәлелденген және расталған.</p>
---	--	--

<p>8.4 Манызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған.</p>	<p>Тілдік сәйкестік пен көптілділік анықтамаларына, сондай-ақ зерттеудің теориялық негіздеріне қатысты іргелі және теориялық тұжырымдар сенімді және өзекті дереккөздермен расталған. Автор жалпы лингвистика, атап айтқанда, әлеуметтік экономикалық лингвистика саласының негізгі дереккөздеріне, сондай-ақ жетекші отандық және заманауи шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, теориялық базистің сенімділігі мен өзектілігін қамтамасыз етеді.</p>
<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздері жалпы алғанда толыққанды және сенімді әдеби шолу құрастыру үшін жеткілікті. Тіл-философия және әлеуметтік лингвистика саласының классиктері (Гумбольдт, Сепир, Уорф) тартылған, олардың тұжырымдамалары тіл, ойлау, мәдениет және сәйкестік сияқты негізгі ұғымдарды анықтау үшін берік негіз құрайды. Сонымен қатар қазақстандық жетекші тіл мамандары мен әлеуметтанушылардың (Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Н. Уәли) еңбектері пайдаланылған, бұл әлемдік теорияларды Қазақстанның ерекше тілдік-мәдени жағдайы контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді. Заманауи шетелдік авторларды (Э. Лённрот, Й. Л. Рунеберг, Й. В. Снельман) енгізу әдеби шолудың жергілікті дәстүр шеңберінен шығып, көптілділік, тілдік практикалар және жайындану дәуіріндегі сәйкестік мәселелерін зерттеудің өзекті әлемдік тенденцияларын қамтитынын растайды. Классикадан бастап заманауи әлемдік және отандық зерттеулерді қамтитын мұндай кең ауқым —«Экономикалық сананы зерттеудің лингвистикалық негіздері» атты теориялық бөлім үшін дереккөздердің көлемінің жеткіліктілігін және қажетті тереңдігін көрсетеді. Алайда, теориялық шолу теорияларды тізіп көрсету ғана емес, сыни синтез және оқылықтарды талдау жүргізуі керек екені белгілі. Бұл жағдайда Диссертация кешенді тәсілді қолданғандықтан, шолуда экономикалық көрсеткіштер арқылы әлеуметтік лингвистикада сандық әдістерді қолданудың дұрыстығын растайтын дереккөздер толығырақ берілуі тиіс еді.</p>

		<p>Аралас әдістер (mixed methods) және деректерді өңдеу технологиялары бойынша жаңа дереккөздерді енгізу жұмыстың маңыздылығын арттырған.</p>
<p>9 Практикалық құндылық қатидаты</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. Зерттеу нәтижесінде қол жеткізген тұжырымдар экономикалық сананың тілдік репрезентациясы алғаш рет модульлік аспектіде кешенді талданған, экономикалық сананың ұлттық ерекшелігін, өзгерісін тілдік деректер арқылы толыққанды сипаттаған, кенестік және тәуелсіздік кезеңдердегі экономикалық лексиканың квалитативті, квантитативті, семантикалық трансформациясы дәлелденген, мағыналық жағынан шектеулі, семантикалық өрісі тар, ал тәуелсіздік кезеңіндегі лексикографиялық сөздіктер деректерінде экономикалық сананың тілдік репрезентацияларының мағынасы кеңейтіл, жаңа бірліктердің қалыптасқандығын нақты фактілермен дәйектелген, қазіргі қазақ кәсіпкерлік дискурс мәтінінің лингвостатистикалық сипаттамасы жасалған, экономикалық атау, ұғым, терминдердің әр кезеңдегі, модультағы мағыналық өрісі мен трансформациясы салыстыра қарастырылып, дәстүрлі модуль пен заманауи модульдің айырмашылығын репрезентациялайтын тілдік бірліктер анықталған, тіл мен экономиканың өзара байланысын анықтайтын лингвоэкономикалық методологиялар көрсетілген. Келешекте жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға «Лингвоэкономика» пәнін тандау компоненті санатына кіргізіліп, лингвистикалық инноватика ретінде оқытуға болады.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u>; 2) жоқ.</p>	<p>Иә. Диссертациялық зерттеу жұмысының практикалық мәні бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіншілігі жоғары. Қазақ халқының ұлттық экономикалық сәйәсінің тәуелсіздік кезеңіне дейін), қалыптасу (кеңестік кезеңде) және даму (тәуелсіздік кезеңде) кезеңдерінің тілде трансформациялануы мен репрезентациялануын тарихи және</p>

		9.3 Практикалық ұзыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жана</u> ; 2) ішінара жана (25-75% жана); 3) жана емес (жаңасы 25%-дан кем).	заманауи тілдік үлгілерінің жұмыс мазмұнында және қосымшаларында көрініс табуы корпұс деректерін толықтыруға, білім алушыларға экономикалық сауаттылық құралы ретінде пайдалануға болады.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс заманауи ғылыми зерттеулердің жалпыға ортақ қабылданған талаптарына толығымен сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияда көрсетілген кемшіліктер жеке сипатта болғанымен, жалпы жұмыстың құндылығы мен деңгейіне нұқсан келтірмейді. Дегенмен, нақтылауды талап ететін немесе дәйекті түрде дамытылуы тиіс бірқатар аспектілерге тоқталуға болады. 1. Адамзат тарихын 5 қоғамдық формация бойынша қарастыру К.Маркс пен Ф.Энгельс негізін қалаған теория екені белгілі. Бірақ бұл тарихи теория – экономикалық қалынастарды, қоғам дамуының өндірістік тәсілдерін, әлеуметтік теңсіздік пен таптық күресті талдағандықтан, экономика теориясы негізінде тарихты түсіндірудің бір ғылыми моделі. Сондықтан да бұл модельді экономикалық сананың қоғамдық өмірде трансформациясы мен тілде репрезентациялануының әдіснамасы ретінде бастылыққа алған дұрыс болар еді. 2. Тілдік категориялар (өпістіктің келер шак формасы) мен экономикалық категорияларды байланыстыра қарастыру (24-

		<p>бет) ереже немесе заңдылық емес, дәлірек айтқанда, кездейсоқтық. Сондықтан бұл «түркі тілдерінің жалғамалылығы олардың жалқаулығымен байланысты» деген секілді ой тастағандай болады.</p> <p>3. Диссертациялық жұмыста кейбір стильдік, емле қателер кездеседі. Мәселен: 1) «Темір өңдейтін шеберлер көміршінің ағаштан сапалы дайындаған көміріне әр кез мұқтаж болған» (31-б.) деген сөйлемде шебер ағашқа зеру ма? Көмірге зеру ма? 2) Автор ойын дәйектеу барысында нақты еңбекке сілтеме орнына «Ғалым бұл пікірін ауызша айтып жүр» (30-б.), «Н.Уәли бір сөзінде...» (30-б.) деп ауызша стильмен баяндайды; 3) күрделі сөздерді бірге немесе бөлек жазуда ала-құлалық бар (онжылдық, онтомдық бірге, жиырма жылдық бөлек жазылған); 4) 11-беттегі 23-24 зерттеушінің аты-жөндерін 21-бетте тағы тізіп шығу артық болған.</p>
<p>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми денгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерттейді)</p>		<p>Зерттеу материалдары бойынша барлығы 12 жұмыс жарық көрген, оның 5-еуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда, 1-еуі Scopus базасына кіретін журналда, 3-еуі халықаралық журналдарда, 3-еуі халықаралық конференциялар жинақтарында жарияланған. Диссертанттың рецензияланатын басылымдарда ұсынылған жарияланымдарының ғылыми деңгейі мамандық бойынша жұмыстарға қойылатын талаптарға сай келеді. Мақалаларда езекті мәселелер көтерілген, әдіснамалық негіздері дұрыс тандалған және алынған нәтижелер ғылыми дәйектелген.</p>

<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>	<p>Жоғарыда айтылғандардың негізінде, Пиязбаева Ақмарал Бейсенқұловнаның «Экономикалық сана трансформациясының тілдері репрезентациясы: дәстүрлі және заманауи модуль» тақырыбындағы диссертациясы «Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының» барлық талаптарына толық сәйкес келеді және оның авторына «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>
--	--

Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А.Бөкетов атындағы ұлттық зерттеу университеті
қазақ тілі білімі кафедрасының профессоры

Е. А. Бөкетов

Ш. Ш. Жалмаханов

